

УДК 394.011

Балзабаева, Г.З.,

т.ғ.к., доцент

Кенжебай, А.,

«Тарих» мамандығы 2 курс студенті,

ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Түйіні

Билер институтының құқықтық қатынастардағы рөлін бағалай келе, олардың (билердің) сот қызметін жүргізген кездегі әділеттілігіне, дамыптандығына, көрегендігіне және оған деген халық сенімінің шексіздігіне таң қалмасқа болмайды. Билер тек қана ел ішінде кездесіп отыратын даудамаларды шешіп қана қоймай, өз қызметінің аясында қоғамдағы қатынастың барлығына араласып отырған. Сонымен қатар, билердің ерте кезден бастап құқық түзу органының, яғни, қазіргі тілмен айтсақ, жоғарғы заң шығарушы орган-парламенттің міндетін атқарғанын да байқауға болады.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: құқық, қоғам, «билер институты», заң, құрылымдық жүйе.

1. Кіріспе.

Қазақ халқының тарихында билер институтының маңызы өте зор болып келген. Себебі, мемлекеттің саяси және әлеуметтік құрылымының ғұрыптық құқық негізінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші бірден-бір әлеуметтік құрылым ретінде билер институты қоғамдық күштердің арасалмағын теңдестіруші механизм рөлін атқарып, қоғам дамуындағы бүкіл саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеп отырған. Қазақ қоғамындағы билер институтының тағы бір ерекшелігі сонда, ол белгілі бір тарихи кезеңдер бойында мемлекеттік басқару институттарымен тығыз байланыса келіп, билеушілер мен бұқара халықтың белгілі бір саяси-әлеуметтік құндылықтар төңірегінде топтасуын қамтамасыз етіп келді.

2. Материалдар мен әдістері.

Негіз іәдіс ретінде объективтілік, тарихилық принциптері басшылыққа алынды. Сонымен қатар билер институтын қарастыру үстінде тарихи даму процесіндегі себеп және салдар категориялары аясындағы талдау әдістемесіне сүйену және тарих – жүйелілік зерттеу әдістемесін кеңінен қолдандық.

3. Нәтижелер мен Талқылау.

Зерттеу нысанамыз «билер институтының» құқықтық бастаулары ерте кезде пайда болғандықтан оны зерттеу үшін оның пайда болуын, қалыптасуын, дамуын белгілі бір кезекте кезек-кезеңге бөліп қарастыруды қажет етеді. Бұның өзі әр кезеңдегі, дәуірдегі билер институтының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи институттарды, тұлғаларды зерттегенде оларды өмір сүрген нақтылы дәуірдің шеңберінде қарастыру әр зерттеушіге шарт болып табылады. Себебі, сол дәуірдегі саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік қарым-қатынастардың ерекшелігін, деңгейін ескеріп барып қана зерттеу нысанының ішкі табиғатын, құбылысын ойдағыдай ашып көрсетуге болады. Зерттеудегі осы бір ерекшелікті академик С. Зиманов былай айтады: «Өткен дәуірде өмір сүрген қайраткерлердің көзқарастарын зерттеудің өзіне тән қиыншылықтары бар. Қиындық-қайраткер өмір сүрген және туындылар жасаған сол дәуір мен кезеңнің біртұтастық көрінісін азды-көпті болса да қалпына келтіру, өзіне қоғам дамуының бағытын және қажеттілігін ұғынуы, атап айтқанда, әлеуметтік қатынастар саласында, саясатта және идеологияда. Сомдап айтқанда, зерттеуші тарихқа кіруі қажет. Бұл оңай міндет емес. Бірақ, мұндай түсініксіз өткен құбылысты нақтылы-тарихи ыңғай туралы айту қиын-ақ. Кейде бізден алшақта қалған қоғамдық-саяси қайраткерлерге баға

беруде сол кезеңнің тарихын және жағдайларын зерттемей, білмей ынта білдіретін фактілермен де кездесіп қаламыз. Осыдан мәселелерді ашуда субъективизм және догматика туындайды» (С.З. Зиманов, А.А. Атишев, 1996, 5 б.).

Міне, бұл баға жетпес құнды пікір қазақ қоғамындағы «билер институтын» зерттеуде басты қағида болып табылады.

Жалпы билер институтының пайда болуы белгілі бір қоғамның қалыптасуымен, дамуымен байланысты. Қазақ рулары мен ұлыстары қалыптасқаннан бері, өз замандастарынан озған озат ойлы, шебер тілді адамдар болғаны күдік туғызбайды. Сондықтан да билер институтының пайда болуы мен қалыптасуы қоғамның белгілі бір даму сатысымен, шешендердің шығуымен, олардың сөздерімен байланысты.

Жалпы «би» термині бірнеше мағынада болады. Мәселен, В. Радлов өзінің зерттеулерінде «би» сөзінің үш түрлі мағынасын келтіреді. Яғни, біріншіден, «би» – князь, патша, қожайын; екіншіден, «би» – сот (судья); үшіншіден, «би» – «өзінің шешімдерінде ақылды, дана адам», – деген анықтама береді (В.В. Радлов, 1971, 109-110 б.).

Көрсетілген терминнің этимологиясына байланысты Л.А. Словоохотовта ерекше көз-қарас ұстанды. Оның айтуына: «Бий – мудрый в решениях, красной; по Будагову – князь, господин. От бий произошли бойк – высокий, бойле – управлять», – дей келе, әрі қарай «И хотя термин бий указывает на лицо судебной профессии, а аксакал на переклоннасть возраста, но в существе дела эти названия, взаимно дополняя друг друга, Айтылған ойды әрі қарай дамытқан Т. Сұлтанов: «...билерді ру мен тайпалардың жетекшілері», – дей келе, – «би» сөзі ежелгі түркінің байырғы «бек» деген сөзінің кейінірек өзгерген түрі және бұл орайда терминнің XV ғасырға дейінгі деректерден мүлдем ұшыраспайтындығын айтады» (С.Г. Кляшторный, Т.М. Султанов, 1992, 51 б.).

Өз кезегімізде біздің пайымдауымыз бойынша, «би» сөзінің бастауы түркі дәуірінен де ертерек заманға келеді. Мысалға алсақ, б.з.д. III ғасырдағы үйсіндердің ел билеушісін «Күнби» деп атаған. Мұнда «би» деген сөз – әрі билеуші, әрі «бір» деген мағына ретінде қолданылды (Ғ.С. Сапарғалиев, Ғ. Ғаббасұлы, 2001, 19 б.).

Кейбір деректер бойынша, осы Үйсін елінің басшысы «Күн-мо» деп те аталады. Оны біз Қойшығара Салғариннің еңбектерінен кездестіре аламыз. Мысалы: «у-сұнның» билеушісі өзін «күн-мо (ми)» деп атаған. Бұл түрік тілінде «күн» (кум) деген ұғымды білдіреді, «ми» – «бимен» дыбыстық жақындығы бар, оның мағынасы билеуші немесе елбасы дегенге келеді. Сондықтан «күн-мо» мен «кун-ми» деген «күнби» яғни күн сияқты билеуші деген мағынада» (Қ. Салғараұлы, 1998, 92 б.).

Осындай пікірді Жапония ғалымы Бэй-ниау-кужи өзінің «у-сұндар ж-өнінде дерек» атты мақаласында да келтіреді: «ол у-сұн мемлекетінің билік атауында «ми» иероглифі көп кезігетінін айтады. Мысалы, Нэндюу-ми, Ле-жиау-ми, Ниэн-шүй-ми, Ни-ми, Винжиу-ми, Иуэнгуй-ми, Шиң-ми, Цы-су-ми, Иші-ми, Әнли-ми және т.б. Біріншіден, «ми» иероглифі түрік тіліндегі «би» мағынасында, бұл-ел басы деген ұғымды білдіреді» (Қ. Салғараұлы 1998, 92 б.).

Айтылған пікірлерді саралап қарасақ, «би» сөзінің пайда болу кезеңі ерте кездегі үйсіндердің заманына тірелетінін көреміз. Бұл дәуірде «би» термині ел басы, билеуші деген мағынада қолданылған.

Құқықтық мәдениетіміздегі осы ұғым-түсініктер, терминдерге келетін болсақ, бұларды зерттеуде, мәнін ашуда оқиғалар жиынтығына сүйене отырып, мәселені шешіп алу керек, өйткені оқиғаларды сипаттау үстінде осынау қиын да күрделі сөздер әртүрлі үйлесімде кездесіп отырады.

Мысалы, V-VI ғасырларға жататын көне түркі жазбаларын зерттеген ғалымдарға «би» сөзі кездеспегенімен, «бек» сөзі жиі кездеседі. Мысалға алсақ, «Білге қағанға» қойылған ескерткіштің үлкен жазуында: «Барс бег ерті», «қаған ат бунта», – деп жазылған. Аударғанда: «Барс бег болды. Біз оған қаған (хан) лауазымын бердік» – деген (В.В. Радлов, 1971, 294 б.). Осыдан көріп отырғанымыздай, бұл жерде «бек» қағаннан кейінгі лауазымды білдіріп

тұрғаны айқын. Ежелгі түркі қоғамының әлеуметтік жүйесінде қаған (хан) әулетіне жататын ақсүйек тархандар, буруктар, ябғулар және шадтармен қатар халықтың қайнаған ортасынан шыққан бектердің де болғаны белгілі жағдай.

Билер институты XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамындағы өзіне ғана тән классикалық түріне келіп, қоғамда белгілі бір әлеуметтік құрылым болғанға дейін бірнеше сатыдан өтті.

– Билер институтының құқықтық бастаулары сақтар дәуіріне сай келеді деп пайымдаймыз. Яғни сақтар дәуіріндегі ру-тайпа жетекшілері, ақсақалдар қоғамдағы саяси-құқықтық қатынастарда үлкен де маңызды орын алды. Бұл кезеңде ру басылар, ақсақалдар сот ісін, ру ішіндегі әр түрлі шаруашылық істерді және де соғыс пен бітім жариялау мәселелерін қарастырып отырды. Уақыт өте келе, халық санының өсуі және қоғамдық қатынастардың жандануы, шаруашылықтың ұлғаюы адамдар арасындағы келіспеушіліктің, даулардың көбейуіне себеп болды. Мұндай жағдай осы дауларды басқа мәселелерден жеке дара алып қарауды және онымен кәсіби түрде шұғылданатын адамдар болуын қажет етті. Бұл адамдар топ ішінде шешен сөйлей алатын және өзіне дейінгі дауларды шешуде қолданған әдет-ғұрыптарды, әдістерді есінде сақтауға міндетті болды. Ал бұл өз институттарының нұсқасының жасалуының алғашқы түрі болып табылды.

– Ежелгі түркілер дәуіріндегі VI-XI ғасырлардағы Қарлұқ мемлекеті, Түргеш қағандығы, Қарахан мемлекеті тәрізді саяси бірлестіктердің әлеуметтік құрылымынан орын алған бектер мен билер қоғамдағы қатынастарға біршама араласып қоғамда туындап тұратын дауларды шешумен және де әскери қызметтермен айналысып отырды. Бұл билер институтының жеке құрылым ретінде біртіндеп дамып келе жатқан үлгісі болды. Белгілі зерттеуші Л. Гумилев ежелгі түркі қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеу барысында бектерді әскербасылар немесе ел басылар ретінде сипаттайды. Мұны негіздеуге көне түркі жазуларын дәлелге келтіреді: «turk bolcar budun», аударғанда «түрік бектерінің халқы» немесе «түркі бектері және халық» деп аударылады. Мұнда «бектер» мен «будын» үнемі қосақтала аталуы будынның қара халықты және қатардағы жауынгерлерді білдіретінін, ал бектерді әскербасылар құрамын құрайтындығы көрсетіледі», – деп жазды (В.В. Радлов, 1971, 60 б.). Осы сияқты А.Н. Бернштамда: «...Бег является основной фигурой в тюркском обществе, политической фигурой. Буюрики и тарканы имеют в титуле приставку бег» (А.Н. Бернштам, 1946, 111 б.) дей келе ««Буюрук» этимологически она значит «тот, кому приказывает хан» как бы «приказчик». Так назывались подчиненные хану, начальники отдельных отрядов, которым давались иногда и самостоятельные поручения, наместники хана и тому подобные люди. Возможно также, что буюруки были той частью бегства, которая служила своеобразными казиями (судьями), также в большинстве своем выходцами из господствующего класса» (А.Н. Бернштам, 1946, 111 б.), – деген деректер келтіреді.

– Түркілер дәуірінен кейін қазақ жерінде бірнеше ұсақ хандықтарға бөлінген ұлыстардың басын біріктіріп, үлкен империя құрған Шыңғысханның қағандық дәуірінде билер институты біраз кемелдене түсті. Бұл дәуірде билер институтының көрнекті өкілдері Майқы би, Бәйдібек би сияқты тұлғалар айқындалды.

Оған мысал ретінде қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, татар халықтарының бас биі болған Майқы биді алсақ, жеткілікті. Ол кісі Шыңғысханның замандасы әрі оны ақ киізге отырғызып хан көтерген он екі бидің төбе биі болса керек. Бір ғажабы, осы Майқы би мен Шыңғысханның есімі тең аталып, мемлекет басқаруда бірінің ісін бірі толықтырып тұрған. Дәлірек айтқанда, «Майқы би тек қана шешендік сөздің майталманы, білгір би, сот үкімкесімдеріне байланысты билік айтып қана қоймай, сонымен қатар ол сол дәуірдегі түркі тілдес халықтарының мемлекет басқару ісіне өлшеусіз үлес қосқан, саяси-мәселелерді түйіндеп, шешімін шығара білген мемлекет қайраткері болды» (Л.Н. Гумилев, 1991, 6-17 б.).

– XIV-XVI ғасырларда халық ортасынан шыққан билердің беделі күшейе түсті. Өйткені, әрқайсысы өз алдына хандық құрып, билік жүргізгісі келген төре тұқымдары, халықтың қайнаған ортасынан шыққан бектер мен билерсіз халықтың қолдауына ие болмайтынын жақ-

сы түсінді. Ал мұндай жағдай өз кезегінде бектер мен билердің қоғамдағы маңызын арттырды.

– Ал мұнан кейінгі XVII-XVIII ғасырларда билер институты өзіне ғана тән классикалық үлгісіне жетіп, өз алдына тәуелсіз институт болды. Олар қазақ қоғамындағы ішкі тәртіптерден бастап, адамдардың өзара мәмілесінің бұзылуын және сол кезеңде болып тұратын құн, жесір, жер, мал-мүлік дауларын қарап өз шешімдерін беріп отырған. Бұл тұстағы билер институтының функциясы тек қана ішкі саяси-құқықтық қатынастарды реттеумен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар сыртқы саяси қарым-қатынастарды реттеуде де маңызды рөлді атқарған саяси тетік те болып табылды.

Көрсетілген кезеңде қазақ қоғамындағы билер институты басқа әлеуметтік құрылымдардан бөлек, өз алдына жеке құрылым деп айтуға келмейді. Өйткені, билер «қара қылды қақ жарған» әділеттігімен де, суырын салма жыраулығымен де би, батыр, жырау, шешен, ақын ұғымдарын бір басына сыйғыза білген қоғамдық-саяси қайраткерлер болды.

Бұл кезеңде «би» ретінде халыққа танылудың өзі оңай болған жоқ. Екіншісі «би» бола алмады. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов былай деді: «қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше рет шешендік сайысқа түсіп, өзінің заңжораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес бәріне де танылған» (Ш. Уәлиханов, 1985, 135 б.).

Дәл осыған ұқсас пікірді Абай да айтады: «...бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» эз-Тәукенің Күлтөбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Нәм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келмейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, тілеу саларға жарарлық кісі болса керек» (А. Құнанбаев, 1961, 442 б.).

Ш. Уәлиханов пен Абайдың бұл пікірлеріне қарағанда қазақ қауымында «би» атағын алу үшін адамға екі шарт қойылғанын байқаймыз. Біріншісі, әдет-ғұрып заңын жетік білу және заман өзгергендігіне байланысты уақыт талабына сай жаңа заң нормасын шығара алатындай болу керек. Екіншісі, алдына келген адамдарды сөзбен үйіріп алып кететін табиғи шешендік қабілеті болу керек болды.

Көрсетілген XVII-XVIII ғасырларда билер институты құрылымдық жүйесі бойынша бірнешеге бөлінді. Мәселен, сол кезеңдегі қоғамдағы беделі мен орнына қарай, билер: ата би, төбе би, қатар би, жеке би, төтен би, бала би болып бөлінді. Бұлардың әрқайсысы құқықтық қатынастарда өзіне тиесілі әр түрлі қызметтер мен міндеттерді атқарды. Енді әрқайсысына жеке-жеке тоқтала кетейік.

Ата би – бұрын билік құрған, талай істер мен даулардың тағдырын шешіп елге танылған, қартайғандықтан билік тізгінін ізінен ерген кіші билерге тапсырған адам. Ол биліктен қарттығына байланысты қалғанымен, кейінгі билер қауымы оны ақылшы, кеңесші ретінде тұтынып, бата алып отырған. Сонымен қатар ата би – «өзім болдым, өзім толдым, кейінгілері өздері білсін» деп кем ойламаған жан болған. Әр ата би өзінен кейінгі ұрпақтың, елдің жоғын жоқтайтын, ел ұйтқысы боларлықтай ер азаматтардың жетілуін ешқашан да ойларынан шығармаған. Мүмкіндігінше жас ұрпаққа өздерінің ақылдарын айтып тәжірибелерімен бөлісіп отырған.

Төбе би – елдік немесе аймақтық аумақта сайланып қойылатын қаламыш билер. Төбе билерді сайлайтын халық емес, билер болған. Әрине, дау болған кезде дауласушы жақтар төбе биді өздерінің арасынан сайлаған немесе сырттан екі жаққа да қатысы жоқ биді төбе би етіп сайлаған. Белгілі бір дауда төбе би болу үшін дауласушы жақтың билері сөзбен жарысқан, өздерінің шешен екендіктерін керсеткен. Бұл сайыста шағым беруші жақ пен жауап беруші жақ та және олардың араға салар адамдары да (талапкер билер) жолдарының үлкендігін айтып, төбе би болуға өздерінің ұсынған адамдарының құқығы барын дәлелдеуге тырысқан.

Әрине, мұндай сайыста төбе билікті айтқан сөздерін дәлелдей білген және ойға қонымды жүйелі сөзді таба білген адамға берген. Сонымен қатар, төбе билікті алған биге дауда соңғы шешім шығаруға құқық берілген. Әдетте, даулы мәселені шешкен жерде кемі үш би қатысады. Соған байланысты халық арасында «би екеу болса, дау төртеу» деген сөз бар. Бұл арада даулы мәселені шешкенде би екеу емес, үшеу болсын дегенді меңзейді. Яғни, бірі айыптаушы, екіншісі ақтаушы болса, үшіншісі ортақ, әділ шешім шығаратын төбе би болады. Ал Төбе би болмаған билер, билердің келесі түрі «қатар билер» тобына жатқызылды. Бұған төбе биден басқалары яғни бір-бірінен артықшылығы жоқ, тең құқылы билер жатқан. Әр жүз билері құрамында төбе және қатар билері болған.

Сонымен қатар, әрбір ауылда, кіші рулық бөліністерде өздерінің жеке билері болған. Жеке билер өзінің шешендік қабілетімен, ұнамды өнегелі ісіменен елге танылған, билік ету ісінде сыналған азаматтарды би деп санап, мойындаған, сөйтіп олар ел сеніміне сай билік ісін жүргізіп отырған. Жеке билер ауылдағы, кіші рулық бөліністердегі кішігірім кикілжіңдерді, талас-тартысты үлкен дауға айналмай тұрғанда мәселені сол арада ізін суытпай шешіп отырған. Билердің құрылымдық жүйесіндегі бұл түрі дәстүрлі қазақ қоғамында кең тараған түрі болып табылады.

Құрылымдық жүйедегі билердің келесі бір түрі-төтен би (төтенше би деп те аталған). Бұл екі ел арасындағы билерден таңдамалы билер тобын құрып, өкілетті етіп жіберілетін билерді атаған. Бұл тұрақты би емес, мұндай мәртебені билердің кеңесуімен ғана берілген. Мұндай төтенше би тобын екі жақ өзінше құрып, кездесуге жіберетін. Уағдаласқан жерге екі жағынан төтен билер келіп, мәселені талқылап, тиісті келісім-шешімін (билігін) қабылдайтын болған. Аталған билер тобы көбінесе ұзаққа созылған даулы істерді шешіп келу үшін іріктеліп жіберілетін. Билердің құрылымдық жүйесіндегі соңғы бір түрі бұл бала би болып табылады. Бала би билік дәрежесін әлі иеленбеген, билік айтуға талап қылып, өзін әр жерде көрсете бастаған жеткеншек. Әдетте, қадірлі билердің алдын керіп, ілтифатына бөленген жасты ел бала би ретінде таниды. Бала би ретінде танылу сахара жұртында билер мектебінің алғашқы баспалдағы іспеттес болған. Бала билерді үлкен билер қастарына алып жүрген. Билік ісі жүріп жатқанда, бала би бәрін мұқият тыңдай отырып, биліктің жетімсіз жақтары болса немесе билік айтушы би қожырап қалса, жедел сөзге араласып, өз шешімін айтатын болған.

Көрсетілген құрылымдық жүйедегі билер көшпелі қазақ халқының дәстүрлі құқық жүйесінде маңызды рөл атқарды. Әрине, билердің құқықтық қатынастарда маңызды рөл атқаруы олардың (билердің) әдет-ғұрып құқығын талдаушы, кей кездерде мерзім сайын немесе тұрақты түрде соттық сарапшы функцияларды атқаруымен байланысты болды. Бұл билердің қоғамдық қатынастардағы қызметінің бір түрі болып табылады. Осы қызметтерімен қатар би дауда өзінің руласына қорғаушы да немесе руының жоғын жоқтаушы да қызметін атқарып отырған.

Билер өз заманында ел басына күн туған қиыншылық кезде де, ел жиналған айт, ас, той тұсында жер дауы, жесір дауы, күн дауы, мүлік дауы көтерілген кезде ел тағдырын «тура жолдан таймай» әділдікпен шешіп отырған. Билер қазақ хандығындағы ішкі саяси-құқықтық қатынастарды реттеп қана қоймай, сонымен қатар хандықтың сыртқы қарым-қатынастарын реттеуде де үлкен үлес қосқан мемлекеттік қайраткерлер болды.

Қазақ қоғамында билер елдің ішкі және сыртқы істеріне қатыса отырып, хан және сұлтандармен тізе қоса отырып, елді басқаруда маңызды мәселелерді кең көлемде шешіп отырған. Осы қоғамдық қатынастардың ішінде билер көп жағдайда құқықтық қатынастарда өз басымдылығын көрсетіп отырды. Әрине, билердің құқықтық қатынастарда маңызды рөл атқаруы кездейсоқ жағдай емес еді, өйткені билердің басқаруы өмірдің, күнделікті тіршіліктің қажеттілігінен туындаған, қазақтың ұлттық табиға-тына сай келген құбылыс еді.

Қазақ қоғамында негізінде істің қаралуы екі сатыға бөлінген: біріншісі, екі дауласқан жақ билердің істі қарауына дейін, өзара келісіп дауды шешуге қимыл – әрекет жасайды.

Әдеттік құқықта оны «Бітім», «Береке», «Салауат» деп атаған. Ал екінші сатысы «Жүгініс» деп аталған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында сот процесі басталу үшін айыптаушы немесе жәбірленуші өзі таңдаған биге барып, өзінің дауын айтып шағымданса жеткілікті болды.

Билер соты дауды қарағанда олардың бірінші мақсаты бітімге кол жеткізу еді. Яғни, дауласқан, араздасқан жақтарды жұрт алдында келістіріп, бітімдестіру. «Дау мұраты – бітім», – дейді қазақ. Бұл көшпелі қазақ қоғамындағы сот процесінің негізінде жатқан басты принциптің бірі және оның айшықты да әсем көмкерілген нұсқасы еді (З.Ж. Кенжалиев, 1997, 96 б.).

Сот процесінде қай-қай би де төреші бола алды, ол үшін биге зәбір көрген адам белгілі бір адам үстінен өзіне қандай да бір шығын келтіргендігі турасында шағымданса жеткілікті еді. Арызданушы адам ұзақ уақыт өткендігіне қарамастан қандай да бір әрекеттің өзіне залал тигізгені үшін шағымдана алады. Мұндай жағдайда арызданушының құқығы қандай да бір белгіленген уақыт аралығымен шектелмеді.

Билер сотындағы сот процесінің бір ерекшелігі оның жариялығы мен ашықтығы. Қандай да дау болмасын, билер оны қараған кезде жариялықты және сот ісінің ашық болуын қамтамасыз етіп отырды.

Сот процесінің ашық та, жариялық түрде жүргізілуі, сот процесіне екі дауласушы жақтың өкілдерінің қатысуы және де сот шешімінің дұрыстығын халықпенен талқыға салуы, бұл билер сотындағы сот процесінің әділетті өтуіне үлкен септігін тигізіп отырды. Сол себепті де, белгілі бір дауды шешуге екі дауласушы жақпен төреші болып танылған бидің өзі де сот процесіне басқа да билерді немесе ел ішіндегі игі жақсыларды шақыртып, қатыстыртып отырды. Олар дауда шешім шығармаса да өздерінің қатысуымен шығарылған билік шешімнің әділеттілігін және заңдылығын қамтамасыз етіп отырды.

Билердің дауды қарағандағы тағы бір ерекшелігі бұл дау-жанжалдарды шешкенде қара сөздің, тілдің көмегімен шешуі. Ерте кезден қазақ халқы сөз қадірін пір тұтқан, соған байланысты «тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «сөз тапқанға қолқа жоқ», – деген тұжырымдарды дәл тауып айтқан. Осы сияқты, дау да «дауды шешен бітірмейді, шебер бітіреді», – деген қазақ халқы сот процесінде де осы сөз өнерінен айналып өткен жоқ. Қандай дау болмасын күн дауы, жер дауы, жесір дауы, мал-мүлік дауы, ар-намыс дауы және т.б. дауларда әрқашанда билердің сөз жарыстыруымен бейнеленеді.

Мұның өзі белгілі заңгер З. Кенжалиев: «Қазақ қоғамындағы сот процесі халықтың ауызша сөйлеу мәдениетінің деңгейін, соның талап-тілегін ескеріп отыруға мәжбүр еді» дей келе, «сот процесіне қатысуға тек сөз өнерін жетік меңгерген кісі ғана жіберілетін», – деген сөздері айтқан ойларымызды нақтылай түседі (З.Ж. Кенжалиев, 1997, 96 б.).

Демек, сот процесіндегі сөз сайысы билерге ғана тән болған, сонысымен, билер қарама-қарсы жақтың құқық, заң саласындағы біліктілігін сыннан өткізген. Міне, осындай сайыстан жеңген жақ дауда да өз басымдылығын көрсеткен.

Билер сотындағы сот процесінің тағы бір ерекшелігі мұнда бидің қоғамдағы әдет-ғұрып құқығын өзінше талқылап, шешім шығаруға құқы болды. Бұл негізі құқықтағы ақаулар мен кемшіліктерді жойып, орнын толтыруға ескі заңдардың негізінде немесе өзінің ақыл-ойы, ойлау қабілеті, әділдігі негізінде жаңа құқықтық нормалар шығаруға мүмкіндік берді. Осылай билер өздерінің билік шешімдері арқылы заман талабына сай келмейтін, яғни, уақыттың өтуіне байланысты ескірген құқықтық нормаларды басқа жаңа нормалармен ауыстыру арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығының өміршендігін қамтамасыз етіп отырды.

Билердің құқық жасау ісіне байланысты академик С. Зиманов мынадай ой айта келе: «...судебные постановления биев имели правотворческий характер дей, әрі қарай мына түрде жалғастырады: «решения знатных известных биев, принятые единолично или коллегиальном составе, имели значение судебного прецедента. Таким образом, нормы обычаев, на основе которых разрешались споры, получали общественное признание, хотя бий не были намест-

никами центральной ханской власти и не пользовались делегированными ее полномочиями и не являлись в прямом смысле проводником интересов и политики хана. Их решениями нормам обычаев придавали фактически сила обычно-правовых норм». Осы» (С.З. Зиманов, А.А. Атишев, 1996, 14 б.). көрсетілген мәліметтен байқайтынымыз, бидің билік шешімі жалпы әдет-ғұрып құқығының дамуына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, қазақ даласында құқық түзудің бірден-бір нысанының қызметін атқарғанын көруге болады. Әрине, аталмыш шешімдердің мұндай мәнге ие болып, құқықтық дәрежеге көтерілуіне, сөйтіп ел жадында сақталуына оның айшықты да әсем сөзбен көркемделіп, кестеленгендігі сң соңғы рөл ойнамағандығы белгілі. Бірақ та осында бір назар аударарлық жайт, бұл – құқық жасау қасиетіне барлық билердің шешімдері иемдене бермегендігі. Ондай «аталы сөзді», «үлгілі сөзді», «үлгілі билікті» бойына срекше қасиет дарыған «азуы алты қарыс» арқалы және әділетті де данышпан билер ғана айта алған.

Жалпы, билер институтының құқықтық қатынастардағы рөлін бағалай келе, олардың (билердің) сот қызметін жүргізген кездегі әділеттілігіне, данышпандығына, көрегендігіне және оған деген халық сенімінің шексіздігіне таң қалмасқа болмайды. Билер тек қана ел ішінде кездесіп отыратын дау-дамайларды шешіп қана қоймай, өз қызметінің аясында қоғамдағы қатынастың барлығына араласып отырған. Сонымен қатар, билердің ерте кезден бастап құқық түзу органының, яғни, қазіргі тілмен айтсақ, жоғарғы заң шығарушы орган-парламенттің міндетін атқарғанын да байқауға болады.

Қазақ қоғамындағы үлгілі билік шешімдердің, аталы сөздің өзі-белгілі бір мәселеге (ел ішінде болып тұратын жер дауы, жесір дауы, күн дауы, мал-мүлік дауы, ар-ождан дауы және тағы басқа да уақиғаларға) байланысты айтылатын кесек ой, тапқырлық шешім ауызша айтылып оны халық аталы, үлгілі сөз ретінде қабылдаған билік шешімдер.

Қазақтың құқық жүйесінде билердің билік шешімдерінің қолданылу сипатына байланысты олардың екі түрін ажыратып көрсетуге болады:

- Қағидалық билік шешімдер;
- Жарғылық (нақты) билік шешімдер.

Қағидалық сипаттағы билік шешімдер көбіне мақал-мәтел, айшықты афоризмдер кейпін иеленіп, белгілі бір істі шешуде басшылыққа алынып қағида сипатында көрінеді. Мұндай қағидалық билік шешімдер айтуға, есте сақтауға жеңіл болып келіп, халық арасында ауызша таралып сақталып отырған.

Сондай-ақ, ел ішіндегі билерден мақал-мәтелге айналып кеткен: «жиғаның болмаса да, иманың болсын», «шыннан өзге құдай жоқ», «малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген құқықтық мәні бар айшықты афоризмдер мұра ретінде қалған. Мұндай адамгершілік қағидаларды кейінгі билер өздерінің істерінде, алдарына келген дауларды қарағанда құқықтық принцип ретінде қатаң ұстанған. Осы қағидалардың негізінде даулы мәселелерді шешіп отырған.

Билік шешімдердің екінші түрі, бұл – жарғылық билік шешімдер. Жарғылық билік шешімдер, негізінен, бұл – билердің шығарған билік шешімдері қазақ әдеп-ғұрып құқығында өзінің көрінісін тауып, билермен ұқсас істерді шешкенде, ешбір өзгеріссіз дәл сол күйінде қолданылып отырған.

Мәселен жас төл кезінде жоғалған жылқы малының өскеннен кейін табылып, сол бойынша дау шыққанда, оның кімдікі екенін анықтау үшін билер даугерлерді қойдың отарына жіберіп, он қой ұстап алып келуді жүктеген. Отардан он қой ұсталынып әкелгеннен кейін, дауласушыларға билер отардан әкелген қойларының қозысын тауып әкелуге жібереді. Кім қойдың қозысын дұрыс тауып телітсе, онда билер шешімді соның пайдасына шешетін болған.

Тағы бір көңіл аударатын жағдай, бұл-жылқы малына байланысты дау туындағанда, яғни ұрланған жылқы табылып, оның иесі кім екендігіне талас болғанда, табылған жылқыны өз еркімен қоя беретін болған. Мұндай кезде жылқы малы өзі құлын кезінен ескен жеріне баратын. Соған байланысты оның иесі кім екендігі анықталатын.

4. Қортынды.

Қазақ қоғамындағы «билер институтының» құқықтық мұрасы болып табылатын билердің жарғылық және қағидалық билік шешімдерін, үлгілі сөздері мен нақыл сөздерін «билер институтының» қалыптасу және даму процесіне орай былай бөлуге болады:

- Ежелгі түркілер дәуіріндегі бектер мен билердің үлгілі билік шешімдері;
- Шыңғысхан дәуіріндегі билердің үлгілі билік шешімдері мен нақыл сөздері;
- Қазақ хандығы пайда болған кездегі билердің үлгілі билік шешімдері;
- Тәуке хан тұсындағы билердің үлгілі билік шешімдері мен нақыл сөздері.
- Түркілер дәуіріндегі бектер мен билердің үлгілі билік шешімдері туралы да мәліметтер белгісіз қалып отыр.

Дегенмен де, бектер мен билер туралы деректер V-VI ғасырларға жататын көне түркі жазбаларымен біздің заманымызға жеткен. Осы жазбаларға қарай отырып, сол замандағы бектер мен билер ел ішінде жоғары лауазым иелері болып, сот істерін қарап, билік шешімдер шығарып отырғанын білуге болады.

Ежелгі Түркілер дәуірінен кейін қазақ жерінде бірнеше ұсақ хандықтарға бөлінген ұлыстардың басын біріктіріп үлкен империя құрған Шыңғысханның заманындағы билерден билік шешімдері туралы мәлімет-тердің бірен-сараңы ғана біздің заманымызға халқымыздың ауызша айтып жеткізу дәстүрі бойынша жеткен. Солардың бірі, Шыңғысханның атақты биі болған, билердің биі Майқы биден қалған нақыл сөздері мен өсиет-өнегелі сөздері, мақал-мәтелдер ата-бабаларымыздың құқықтық мұрасы болып, біздің заманымызға жеткен.

Қазақ хандығы құрылған тұста (XV ғасырда) өздерінің билік шешім-дерімен және нақыл сөздерімен «билер институтының» мына бір көрнекті өкілдері белгілі болды: Бәйдібек, Едіге, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Досмұханбет (лақап аты Дос би), Жиёмбет. Бұл би-шешен, жыраулардан үлкен көлемде үлгілі билік шешімдермен, нақыл сөздер қалды.

«Билер институты» Тәуке хан тұсында өзінің дамуының ең биік шыңына жетті. Бұл дәуірде билер өздерінің дарындылығымен, ақылдылығымен, тапқырлығымен, ел ішінде кездесіп отыратын жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал-мүлік, ар-ождан дауларын бір сөзбен айтқанда қылмыстың түр-түрінің бәрін қарап, билік шешімдерін шығарып отырған. Бұл дәуірде өмір сүрген: Әнет баба, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би; Тайкелтір би, Досай би, Едіге, Сырымбет, Ескелді, Байдалы сияқты билерден, ата-бабаларымыздан қалған құқықтық мұра болып табылатын көптеген келісімді жарғылық және қағидалық кесімдер, үлгілі билік шешімдер, нақыл сөздер халқымыздың жадында сақталып қалған.

Қазақ қоғамындағы билердің ел ішіндегі саяси-құқықтық қызметі ел бірлігін, тыныштығын және адамдар арасындағы өзара ауызбіршілікті сақтауға негізделген еді. Билер, ең алдымен, ру-руға бөлінген, бір-бірімен таласып-тартысып жатқан ру басшыларының алауызды қимыл-әрекетін қолдағы бар тәсілдің бәрін қолданып тыюды мақсат етіп, елдің ұлттың бірлігін сақтауға аянбай күш салды. Ел бірлігін сақтау үшін, билер қазақ халқының кеңпейіл, кешірімді екендігін де пайдаланып «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деп шамалы ғана кикілжің нәрсеге көңіл аудармай, қайта екі елді біріктірудің жағына көбірек назар бөліп, дауласқан, араз болған жақтарды бірлікке, ынтымақтастыққа шақыра білген.

Әдебиет тізімі

Еламанов, Қ. Билер қызметі [Мәтін] / Қ. Еламанов // Фемида. – 1997. – №11. – 71-75 бб.

Кенжалиев, З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет [Мәтін]: теориялық мәселелері, тарихи тағлымы / З.Ж. Кенжалиев. Заң ғылымы докт. дис. Автореферат. – Алматы: [ж. б.], 1997. – 260 б.

Қуандықов, Б. Әйтеке Бәйбекұлының қазақтың дәстүрлі би болу мектебінен өтуі [Мәтін] / Б. Қуандықов // Заң журналы. – 2000. – №6. – 68-73 бб.

Қуандықов, Б. Әйтеке бидің үлгілі билік шешімдері [Мәтін] / Б. Қуандықов // Заң журналы. – 2000. – №10. – 47-50 бб.

Құнанбаев, А. Шығармаларының толық жинағы [Мәтін] / А. Құнанбаев. – Алматы: Қазмем-көркемәдеббас, 1961. – 520 б.

Нәрікбаев, М.С. Ұлы билерімізден жоғары сотқа дейін [Мәтін] / М.С. Нәрікбаев. – Алматы: [ж. б.], 1999. – 196 б.

Сапарғалиев, Ғ.С. Қазақ көшпелі қоғамының әдет заңдарының бастауы туралы [Мәтін] / Ғ.С. Сапарғалиев, Ғ. Ғаббасұлы // Мемлекет және құқық журналы. – 2001. – №1. – 9-22 бб.

Таным тармақтары [Мәтін] / құраст.: Қ. Салғараұлы. – Алматы: Санат, 1998. – 180 б.

Уәлиханов, Ш. Таңдамалы [Мәтін]: [тарихи басылым] / Ш. Уәлиханов. – Алматы: [ж. б.], 1985. – 230 б.

Өзбекұлы, С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық = Право кочевой цивилизации казахов [Мәтін]: монография / С. Өзбекұлы – Алматы: [ж. б.], 2002. – 190 б.

Бернштам, А.Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII веков [Текст] / А.Н. Бернштам. – Москва: АН СССР, 1946. – С. 111.

Гумилев, Л.Н. Древние тюрки [Текст] / Л.Н. Гумилев. – Москва: Наука, 1967. – 258 б.

Зиманов, С.З. Политические взгляды Ч. Валиханова [Текст] / С.З. Зиманов, А.А. Атишев. Аудармасы: С. Өзбекұлы, Б. Сыртанов. – Алматы: [б. и.], 1996. – 112 б.

Кляшторный, С.Г. Казахстан: летопись трех тысячелетий [Текст] / С.Г. Кляшторный, Т.М. Султанов. – Алма-Ата: Рауан, 1992.

Радлов, В.В. Опыт словаря тюркских наречий [Текст]: Т.4. Ч.2. / В.В. Радлов. – Москва [б. и.], 1971.

Мәлімет редакцияға түсті: 07.12.2016

БАЛГАБАЕВА, Г.З., КЕНЖЕБАЙ, А.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И ЭВОЛЮЦИЯ ИНСТИТУТА БИЕВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Оценивая роль института биев в правовых отношениях, нужно отметить, что их справедливость, гениальность, дальновидность при проведении судебной деятельности вызывали безграничное доверие населения к ним. Бии не только решали споры среди местного населения, но и вместе с тем занимались вопросами отношений в обществе в рамках своей деятельности. Кроме этого, с раннего периода становления института биев как органа судебной власти, они курировали вопросы верховного законодательного органа.

Ключевые слова: общество, право, «институт биев», законы, структурная система.

BALGABAEVA, G.Z., KENZHEBAY, A.

THE HISTORICAL SOURCES AND EVOLUTION OF INSTITUTE OF BII IN KAZAKH SOCIETY

Estimating the role of institute of bii it is needed to mark in legal relations, that their justice, genius, a foresight during realization of judicial activity was caused by the boundless trust of population to them. Bii not only decided to argue among a local population, but also at the same time engaged in the questions of relations in society within the framework of the activity. Except it, from the early period of becoming of institute of bii as judicial government body, they supervised the questions of supreme legislative pow.

Keywords: society, right, «institute of Bii», laws, structural system.